	жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып, басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру; жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бір бағытта жүру және жүгіруге жаттықтыру; педагогтің белгісі бойынша жүріп және жүгіріп келе жатып басқа бағытқа ауысуға дағдыландыру. Жүріп келе жатып қолға арналған жаттығуларды жасауға және шашырап жүгіруге үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін,	құбылыстары жайлы білімдерін кеңейту; құстардың ерекшеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру; 8 наурыз - аналар мерекесі жайлы түсініктерін дамытуға ықпал етуді жалғастыру. Балаларға қазақ тілін тақпақтар арқылы түсініп, қабылдауды үйрету; қазақша әңгіме мен тақпақ жанрларын ажырату біліктіліктерін дамыту; көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; жыл мезгілі жайлы кішігірім, тұтас әңгімені модельдеу біліктіліктерін, көктемгі құбылыстар жайлы жай сөйлем құрастыруды дамыту; еске сақтау, көру, ойлау	екіншісін - артқа қойып, бір орында тұрып секіруге үйрету. Балаларды «жыланша» ирелеңдеп жүруге; аяқты алшақ қойып, біреуін алға, екіншісін артқа қойып, бір орында тұрып секіруге үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, дене икемділігі мен тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту. Жаттығуларды дұрыс орындауға, қозғалысты дәл үйлестіруге жаттықтыру. Ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа және белсенділікке тәрбиелеу.	қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білуге және дыбысты есту қабілетін қалыптастыруға үйрету. Төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. Әнді таза, мәнерлеп айтуға, музыка әуенінің көңіл күйін сезіне білуге баулу. Музыкалық ырғақты сезінуін және тыңдау мәдениетін дамыту. Анаға деген сүйіспеншілікке, мейірімділікке және әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	Балаларды заттарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыруға (3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету. Қол бұлшықеттерінің күшін, дәлдік пен қимыл үйлесімділігін дамыту. Лақтыру кезінде дене қалпын дұрыс сақтауға, қозғалысты үйлестіре білуге жаттықтыру. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке және белсенділікке тәрбиелеу.

	кеңістікті бағдарлау қабілетін және дене икемділігін дамыту. Жаттығуларды дұрыс орындауға, тәртіп сақтауға және қозғалыс қарқынын үйлестіре білуге жаттықтыру. Ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа және белсенділікке тәрбиелеу.	қабілеттерін, жағымды эмоция таныту біліктіліктерін дамыту. Байқампаздыққа, ізденімпаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту. **Музыка** "Анаға сәлем". Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.			
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдерін мұқият, тиянақты кие білуге дағдаландыру	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдеріне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу
Серуен	**Картотека №14**	**Картотека № 2**	**Картотека № 9**	**Картотека №6**	**Картотека №12**
Серуеннен оралу	Балаларды топқа ұйымшылдықпен кіргізу	Киімдерін мұқияттап жинап салуға үйрету	Аяқ киімдерін тегістеп жинап қоюға үйрету	Киімдерін мұқияттап жинап салуға үйрету	Балаларды топқа ұйымшылдықпен кіргізу
Түскі ас	Түскі астың	Түскі ас мәзірімен	Асым, асым, асыма,	Дастарханға береке	Түскі астың пайдасы

	пайдасы туралы түсіндіру	таныстыру	Береке берсін басыма Уайым қайғы жоқ болсын! Дастарханым мол болсын! Әумин	берсін! Бастарыға береке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыға амандық берсін! Әумин	туралы айтып беру
Күндізгі ұйқы	Жәй музыка әуенімен ұйықтату	Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық Бір керіліп алайық Түскі ұйқыға жатайық	Жәй музыка әуенімен ұйықтату **(музыка****)**	«Түлкі мен қырғауыл» ертегісін оқып беру	«Әжемнің ертегілері» ертегісін оқу **(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту сауықтыру шаралары	Алақандарына ермексазды жібіту арқылы массаж жасап, әр түрлі пішіндерді мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға бетіңді жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің, маңдайың Тазалықтың досы Су дегенің осы!	Дымқыл шүберекті аяқтың астына төсеп, ұйқы ашар жаттығуын жасату **(дене шынықтыру **)**	Ұйқы ашар жаттығуларын орындау	Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық Бір керіліп алайық Түскі ұйқыға жатайық
Бесін ас	Бесін астың мәзірімен таныстыру	Бесін астың пайдасы туралы айтып беру	Бесін астың құрамымен таныстыру	Дастархан мәдениетін сақтауға үйрету	Тамақ ішкенде сөйлемеуге, дастархан мәдениетін сақтауға үйрету

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	Д/О: «Оң жағындағы заттарды тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. **(математика негіздері)**	Бейнелеу әрекеті: «Аққу» Мақсаты:.Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау Мақсаты Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.: **(сурет салу, қоршаған ортамен танысу)**	Бейнелеу әрекеті: «Құстарға жем» Мақсаты: шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **(мүсіндеу)**	Д/О: «Оңға –солға» Мақсаты: берілген бағытта қозғалу **(Математика негіздері)**	Бейнелеу әрекеті: «Қырғауылдың құмырасы» Мақсаты: Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **(мүсіндеу)**
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс** Жаңылтпаштар жаттау. Үміт түбіт түтті, Түбітті түтіп бітті. Оюға ою өрнектеп, Үйрет өстіп қолды ептеп. Қулық таудан, Қулық бие көрдім.	**Жеке жұмыс** Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу. Мақсат-міндеттер: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға	**Жеке жұмыс** Мақал-мәтелдер жаттау. Ананың сүті – бал, Баланың тілі – бал. Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені.	**Жеке жұмыс** "Құстар келді" тақпағын жаттау. Биікке, биікке Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары	**Жеке жұмыс** "Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)

	Қуанғаным — құлындапты. Құлық таудың қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту.	Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	Өз киімдерін неден бастап киетінін құрастырып айтқызып, киіне білуге тәрбиелеу.	Киімдерін мұқият , тиянақты кие білуге дағдыландыру.	Киімдеріне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету
Серуен	**Картотека №14**	**Картотека № 2**	**Картотека № 9**	**Картотека №6**	**Картотека №12**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды тыңдату үшін.... »	Ертеңгілікке арналған тақпақтарын жаттатуды ұсыну.	Ата-аналарға блаларды себепсіз қалдырмауын, қалған күндеріне өтініш жазып әкелеулерін түсіндіру.	Балалардың тазалығы туралы ескертулер. Спорттық киімдерін, чешкилерін жуып әкелулерін ескерту.

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.03-08.03.2024 ж

Күн тәртібі.	Дүйсенбі 04.03.2024	Сейсенбі 05.03.2024	Сәрсенбі 06.03.2024	Бейсенбі 07.03. 2024	Жұма 08.03.2024
Балаларды қабылдау.	Таңғы шеңбер Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауада тынығып Жүрек жылуын сыйлайық **(сөйлеуді дамыту)** **(казақ тілі***)**	Ойын: «Суреттегі пішінді тап» Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. **(математика негіздері)**	Ойын: «Кім шапшаң?» Мақсаты: шапшаңдыққа баулу **(дене шынықтыру**)** **(музыка****)**	Әңгімелесу «Көктем келді» Мақсаты: Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу)** **(казақ тілі***)**	8 – наурыз Халықаралық әйелдер күні
Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың бүгінгі балабақшаға келердегі көңіл күйлерін сұрау	Таңертеңгі уақытта 8:30-дан кешіктірмей әкелуін ескерту	Күннің салқындығына байланысты балаларды калың киіндіруін ескерту	Балалардың бүгінгі балабақшаға келердегі көңіл күйлерін сұрау	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Үстел үсті ойыны: «Қызғалдақ» Мақсаты: түрлі-түсті қағаз арқылы қызғалдақтың бейнесін	Тақпақ Көктем күні шуақты Көктем күні қуатты Көктем күні	Бейнелеу әрекеті: «Жаңбыр» Мақсаты: Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен	Бейнелеу әрекеті: «Бәйшешек» Мақсаты: Қазақ оюларының элементтерімен безендіру.Мүсіндеуде	

әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	құрастыру **(құрастыру)**	қуантып Сай-салаға су ақты **(сөйлеуді дамыту) (казақ тілі***)**	орындау. **(жапсыру)**	қауіпсіздік ережелерін сақтау. **(мүсіндеу)**	
Таңертеңгі жаттығу	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14 **(дене шынықтыру**) (Музыка****)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14 **(дене шынықтыру**) (Музыка****)**	
Таңғы ас	Таңғы астың маңыздылығын айтып өту	Тамақ ішкенде асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру	Тамақ ішкенде сөйлемей мәдениетті отыруға үйрету	Таңғы астың құрамымен таныстыру	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.	Мақсаты:кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. **(көркем әдебиет)** Шаттық шеңбер Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. Ойын: «Күн, су, ауа»	«Оң жақта» Мақсаты: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. **(құрастыру)** Шаттық шеңбері Ертегілер еліне Қонақ болып барайық Үлкен кіші барлығына Амандасып алайық! Тақпақ	«Ұя» Мақсаты:Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(құрастыру)** Шаттық шеңбері Қайырлы таң, көк аспан Қайырлы таң, жер ана Қайырлы таң,	«Көңілді көктем» Мақсаты: сөйлемді жалғастыру арқылы көктем мезгілі туралы білімдерін пысықтау **(сөйлеуді дамыту)** Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз Жарқырайды даламыз Қайырлы таң, достарым Жұмбақ Жалт-жұлт етеді Жылғарыдан су ақты (Су) Мақсаты: жұмбақ	

	Мақсаты:Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін,жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.**(Қоршаған ортамен танысу, Жапсыру)** Сергіту сәті Көңілді балақайлар «Күн шуақты» Мақсаты: Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескеру	Көктем келді далаға Келді сұлу шағала Аспандағы ақ құстар Айдын көлді арала «Тамшылар» Мақсаты:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану **(Көркем әдебиет, мүсіндеу)** Сергіту сәті Мен әдепті баламын	достарым Сендерді көріп қуанам Ойын: «Көктемді не үшін жақсы көрем?» Мақсаты: Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. «Кемпірқосақ» Мақсаты: қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** Сергіту сәті Бала, бала, балақай	арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту Сергіту сәті Біз бақытты балдырған «Бұлт» Мақсаты: қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру **(Сурет салу)**	
Білім беру ұйымының кестесі	**Дене шынықтыру** "Қапшаларды нысанаға	**Қазақ тілі** "Ертегі оқу "Торғай мен	**Дене шынықтыру** "Қақпашы бола аламыз ба?"	**Музыка** "Нұрлы көктем". Мақсат-міндеттер:	

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	лақтыру". Мақсат-міндеттер: педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету. Педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, кеңістікті бағдарлау қабілетін және шапшаңдықты дамыту. Қапшаларды нысанаға дәл лақтыру арқылы көз мөлшерін, қол күшін және дәлдік дағдыларын	тышқан". Алдымен, кейін." Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, маусымдық өзгерістер, табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыту. Балаларды қазақ тіліндегі «Торғай мен тышқан» ертегісін тыңдауды, мазмұнын еске сақтауды үйрету; мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды түсініп, жауап беруді меңгерту; құбылыстар тізбегін түсініп, «алдымен», «кейін» ұғымына сәйкес орналастыру	Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден бытырап жүру; затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; тепе-теңдікті сақтап тақтаймен жүруге үйрету. Балаларды сапта бір-бірден бытырап жүруге; затқа жанай отырып орнынан жоғары секіруге; тепе-теңдікті сақтап тақтайдың үстімен жүруге үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, ептілік пен дене икемділігін дамыту. Кеңістікті бағдарлай білуге, қозғалысты дәл орындауға жаттықтыру. Батылдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа және белсенділікке тәрбиелеу.	балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру. Музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру. Музыкалық есту қабілетін, ырғақты сезінуін және қимыл үйлесімділігін дамыту. Әнді мәнерлеп айтуға, көктем мезгілінің әсемдігін сезіне білуге баулу. Ұйымшылдыққа, белсенділікке және	

	жетілдіру. Жаттығуларды дұрыс орындауға, ұйымшылдыққа және белсенділікке тәрбиелеу.	біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауын, есту зейінін, еске сақтауын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге деген сүйспеншілікке тәрбиелеу. **Музыка** "Әніміз сыйлық болсын". Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.		эстетикалық талғамға тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдеріне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	
Серуен	**Картотека № 14**	**Картотека №16**	**Картотека №2**	**Картотека №7**	

Серуеннен оралу	Балаларды топқа ұйымшылдықпен кіргізу	Киімдерін мұқияттап жинап салуға үйрету	Балаларды топқа ұйымшылдықпен кіргізу	Киімдерін мұқияттап жинап салуға үйрету	
Түскі ас	Түскі астың пайдасы туралы сұрақ-жауап	Мақал: Ас атасы- нан	Түскі астың пайдасы туралы айтып беру **(қазақ тілі***)**	Дастарханға береке берсін! Бастарыға мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыға амандық берсін! Әумин **(көркем әдебиет)**	
Күндізгі ұйқы	Жәй музыка әуенімен ұйықтату	Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық Бір керіліп алайық Түскі ұйқыға жатайық **(дене шынықтыру**)** **(Музыка****)**	Жәй музыка әуенімен ұйықтату	Жай музыка әуенімен ұйықтату	
Біртіндеп ұйқыдан ояту сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығуларын орындау	Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға бетіңді жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің, маңдайың Тазалықтың досы Су дегенің осы!	Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық Бір керіліп алайық Түскі ұйқыға жатайық **(көркем әдебиет)**	Ұйқы ашар жаттығуларын орындау	

Бесін ас	Бесін астың мәзірімен таныстыру	Бесін астың пайдасы туралы айтып беру	Тамақ ішкенде сөйлемеуге, дастархан мәдениетін сақтауға үйрету	Дастархан мәдениетін сақтауға үйрету	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)	Д/О: «Қайда екенін тап» Мақсаты: салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатең). **(математика негіздері)** Бейнелеу әрекеті: «Күн» Мақсаты:Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу мақсаты:Балалардың гүлдер, қоршаған заттар	Бейнелеу әрекеті: «Құстарға ұя» Мақсаты: Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру **(сурет салу)** «көліктер» Мақсаты:.Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. **(жапсыру)** **Мақсаты:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды	Д/О: «Тез ойла» Мақсаты: «оң», «сол» ұғымдарын үйрету (**математика негіздері)** Д/О: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескеру мақсаты:пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу (**қоршаған орта, мүсіндеу)**	Д/О: «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Табиғи материалдардан түрлікомпозиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, Мақсаты:заттарды жұппен қою арқылы олардысанамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу **(математика негіздері, құрастыру)** Бейнелеу әрекеті: «Бүршік жарған ағаш» Мақсаты: Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. **(жапсыру)**	

	мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. **(мүсіндеу, сурет салу)**	ажыратып, атай білуді жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)**			
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс:  Музыканың сипатын сезінуді үйрету	Жеке жұмыс: Көлік құралдарын үйрету	Жеке жұмыс: Бірлескен ойындарға қатысуды үйрет	Жеке жұмыс:  Бейнелі сөздерді қолдануды үйрету	
Серуенге дайындық	Балалардың киіндіру реттілігін бақылау	Киімдерін мұқият , тиянақты кие білуге дағдыландыру.	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	
Серуен	**Картотека № 14**	**Картотека №16**	**Картотека №2**	**Картотека №7**	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Балаңыз тұйық болса?»	Балалардың тазалығы туралы ескертулер	Балаларға қалың пижама керек екенін ескерту.	

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03-15.03.2024ж

Күн тәртібі.	Дүйсенбі 11.03.2024	Сейсенбі 12.03.2024	Сәрсенбі 13.03.2024	Бейсенбі 14.03.2024	Жұма 15.03.2024
Балаларды қабылдау.	Санамақтар: Сәл демалып, тыным ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл – Сенбі, Жетіншісі –	Әңгімелесу: «Менің елімнің салт дәстүрі» Мақсаты:Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.	Ірі конструктормен құрастыру «Үстел және орындық» Мақсаты:Шығармашылық қиялды дамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру **(құрастыру)**	Тақпақ Жыл басы – Наурыз мереке, Ақ нұрға әлем боянды. Наурыз тойы береке Тіршілік жаңа оянды! Мақсаты:қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) **(көркем әдебиет)** **(қазақ тілі***)**	Мақал-мәтелдер Көктем туа Наурыз келер Күн менен түн теңелер. Сәуір болмай, тәуір болмас. Мақсаты:«сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту)**

	Жексенбі. **(математика негіздері) (қазақ тілі***)**	**(сөйлеуді дамыту)**			
Ата аналармен әңгімелесу.	Таңертеңгі уақытта 8:30 дан кешіктірмей әкелуін ескерту.	Балалардың бүгінгі балабақшаға келердегі көңіл күйлерін сұрау.	Күннің салқындығына байланысты балаларды қалың киіндіруін ескерту	Балалардың бүгінгі балабақшаға келердегі көңіл күйлерін сұрау.	Күннің салқындығына байланысты балаларды қалың киіндіруін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.әрекеттер)	Бейнелеу әрекеті: «Бүркіт» Мақсаты: :пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию **(мүсіндеу)**	«Киіз үй» Мақсаты:Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). **(Сурет салу)** Ою өрнектер Мақсаты:Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз	Саусақ жаттығуы Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Мақсаты:заттарды жұппен қою арқылы олардысанамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең	Бейнелеу әрекеті: «Тәтті бауырсақ» **Мақсаты**:Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру **Мақсаты:** заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу **(математика негіздері, мүсіндеу)**	Кітаптар қарау: Топтағы кітаптар жиынтығына барып кітаптарды қарап «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісін оқып беру

		бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру **(құрастыру)**	еместігін анықтай білу. **(Математика негіздері) (казақ тілі***)**		
Таңертеңгі жаттығу	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14 **(Дене шынықтыру**) (музыка****)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14 **(дене шыңықтыру**)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №14 **(Дене шынықтыру**) (музыка****)**
Таңғы ас	Таңғы аспен таныстыру, таңғы астың пайдасы туралы әңгімелеу.	Таңғы астың адам ағзасына пайдасы туралы түсіндіру.	Тамақты төкпей – шашпай жеуін қадағалау.	Тамақ ішкенде сөйлемей мәдениетті отыра білуге үйрету.	Таңғы астың құрамымен таныстыру.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.	Қазақтың ұлттық бас киімі «Тақия» Мақсаты:Ұлттық ою-өрнекті қолданып, бас киімді безендіруге уйрету **(жапсыру)** Көктемнің алғашқы гүлдері «Қызғалдақ гүлі» Мақсаты:Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға	«Қазақтың ою өрнектері кесе» Мақсаты:әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу **(мүсіндеу)** «Ұлттық ыдыс аяқ түрлері»	«Қазақтың салт-дәстүрі» Мақсаты:қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **(сөйлеуді дамыту)** «Қазақтың ұлттық ер адамның қыз баланың, киімдері»	«Ұлттық аспаптар» Мақсаты:Балаларды *ұлттық* аспаптармен таныстыру. *Ұлттық аспаптарды* бір бірінен ажырата білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен танысу)** «Киіз үйдің жабдықтары» «Сырмақ» Мақсаты:құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға	«Табақты өрнекпен безендіру» Мақсаты: Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруға уйрету Мақсаты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза

	ынталандыру. Мақсаты:зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сынесімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). (**Сөйлеуді дамыту, сурет салу, құрастыру)**	«Тостаған» Мақсаты:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнау **(Көркем әдебиет, жапсыру)**	«Камзол» Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстыру, суретін салу. **(Қоршаған ортамен, Сурет салу)**	мүмкіндік беру. Мақсаты:Элементтер дің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, безендіру дағдыларын дамыту.**(Құрастыру, жапсыру)**	ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. **(сурет салу) (жапсыру)** «Ұлттық ыдыс аяқ түрлері» «Торсық» Мақсаты: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Мақсаты: Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.

					(Қоршаған орта, мүсіндеу, математика негіздері)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс -әрекет	**Дене шынықтыру** "Футбол ойыны". Мақсат-міндеттер: балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. Балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету; жаттығуларды орындау кезінде ептілікке, жылдамдыққа және қимыл үйлесімділігіне баулу; футбол ойыны элементтері арқылы допты дұрыс тебу, бағыттау дағдыларын	**Қазақ тілі** "Азық-түліктер. Наурыз көже дайындаймыз." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға	**Дене шынықтыру** "Аю сияқты алақан мен табанды тіреп еңбектеу". Мақсат-міндеттер: балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету. Балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету; алақан мен	**Музыка** "Әжеміздің әні тамаша". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру. Балалардың әнді мұқият тыңдай отырып, оның сипатын, көңіл күйін ажырата білу және мәнерлеп айта білу қабілеттерін дамыту; дыбыс ұзақтығы	**Дене шынықтыру** "Тауға шыққан альпинисттер". Мақсат-міндеттер: балаларды бытырап жүргіру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуге үйрету. Балаларды бытырап және сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіруге үйрету; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өту дағдыларын қалыптастыру; қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, ептілік пен тепе-

	қалыптастыру; дене жаттығуларына қызығушылықтарын арттыру; ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа және ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу.	азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу. **Музыка** "Бесік жыры". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру;	табанды тіреп еңбектеу кезінде дене қимылдарын үйлесімді орындауға жаттықтыру; есту қабілетін, зейінін, қимыл жылдамдығы мен икемділігін дамыту; дене жаттығуларына қызығушылықтарын арттыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа және ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу.	туралы ұғымдарын қалыптастыру; әнді топпен бір ырғақта орындау дағдыларын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдары мен ырғақтық қозғалыстарды үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыканы эмоционалды қабылдауға, әжеге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезіміне тәрбиелеу.	теңдікті дамыту; дене жаттығуларын орындау кезінде батылдыққа, шыдамдылыққа және шапшаңдыққа баулу; қозғалыс белсенділігіне қызығушылықтарын арттырып, ұйымшылдыққа және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

		музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.			
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият , тиянақты кие білуге дағдыландыру.	Киімдеріне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету	Киімдерін мұқият , тиянақты кие білуге дағдыландыру.
Серуен	**Картотека № 13**	**Картотека №11**	**Картотека №6**	**Картотека №18**	**Картотека №10**
Серуеннен оралу	Балалар топқа ұйымшылықпен кіргізу. Киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Киімдерін мұқияттап жинап салуға үйрету.	Шешкен киімдерін оңға айналдырып , шұлықтарын мұқият жинап салуға үйрету.	Аяқ киімдерін тегістеп жинап қоюға үйрету.	Балаларды топқа ұйымшылықпен кіргізу.
Түскі ас.	Асың,асың,асыңа Береке берсін басына Уайым қайғын жоқ болсын Дастарханын мол болсын әумин!	Түскі астың пайдасы туралы түсіндіру. **(қазақ тілі***)**	Дастарқандарына береке берсін Бастарына мереке берсін Астарына адалдық берсін Бастарына амандық берсін **(Көркем әдебиет)**	Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)**	Асымызға адалдық , Басымызға амандық. Елімізде тыныштық, Дастарханымызға молшылық болсын әумин! **(көркем әдебиет)** **(казақ тілі***)**
Күндізгі ұйқы.	Жәй музыка әуенімен Ұйықтату	«Бесік жыры» әуеніне ұйықтату **(музыка****)**	Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық Біз керіліп алайық	Жәй музыка әуенімен ұйықтату.**(Музыка* ***)**	«Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем**

			Түскі ұйқыға жатайық. **(музыка****)**		**әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту : сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар гимнастикасы Әдемі ірек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз	«Қолымызды жылы суға жуамыз»-қолды жуу қимылын келтіру	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық. **(Дене шынықтыру**)**	Дымқыл шүберекті аяқтың астына төсеп , ұйқы ашар жаттығуын жасату. **(Дене шынықтыру**)**	Балапандар ұйқыдан тұрды Беті қолын жуды, Айнағап қарап ,шаштарын тарап Ұйқылары шайдай ашылды.
Бесін ас.	Балаларды ас мәзірімен таныстыру.	Бесінгі астың пайдасы туралы түсіндіру.	Бесінгі астың құрамымен таныстыру.	Айранның адам ағзасына беретін пайдасы туралы әңгімелеу.	Тамақ ішкенде сөйлемеуге, дастархан мәдениетін сақтауға үйрету.
Балалардың дербес әрекеті. (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)	Кітаптар қарау «Қызыл телпекті қыз» ертегісі Мақсаты: өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. **(көркем әдебиет)**	Үстел үсті ойын: «Жануарларды орналастыр» Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)	Бейнелеу әрекеті «Әженің орамалы» Мақсаты: Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. **(жапсыру)** мақсаты:әртүрлі	Бейнелеу әрекеті: «Қызғалдақ гүл» Мақсаты:. қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру **(сурет салу)**	Үстел үсті ойындар: «Киіз үй құрастыру» Мақсаты:Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. **(құрастыру)**

	Мақсаты: Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. **(Қоршаған ортамен танысу)**	**(Математика негіздері)** «Қолымызды жылытамыз»- Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. **(Қоршаған**	пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **(мүсіндеу**)		

		ортамен танысу)			
Балалармен жеке жұмыс:	Жеке жұмыс: "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. **(математика негіздері)**	Жеке жұмыс:  Саусақ жаттығуы. Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) **(сөйлеуді дамыту)**	Жеке жұмыс: Жаңылтпаштар жаттау. Арқада алты арқар бар, Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Жеке жұмыс: "Наурыз" өленің жаттау. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Жеке жұмыс: Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап". Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіндіру реттілігін бақылау	Киімдерін мұқият , тиянақты кие білуге дағдыландыру.	Киімдеріне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	Аяқ киімдерін дұрыс кие білуге үйрету
Серуен	**Картотека № 13**	**Картотека №11**	**Картотека №6**	**Картотека №18**	**Картотека №10**
Балалардың үйге қайтуы.	Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.	Ата-аналарға арналған ережемен таныстыру.	Балалардың қызығушылықтар туралы әңгімелеу.	«Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба.	Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03-22.03.2024 ж

Күн тәртібі.	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.	«Тұсау кесу» дәстүрі туралы не білеміз? Әңгімелеу Мақсаты:Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру **(сөйлеуді дамыту) (Қазақ тілі***)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Таңғы шеңбер Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Мақсаты:Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту) (казақ тілі***)**	Демалыс	Демалыс
Ата аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың дамуындағы өзгерістер	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде Кеңес беру Ескерту	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,бейне	«Киіз үй » Мақсаты:Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы,	«Достар » Мақсаты:Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға	Үстел үсті ойыны: «Оюды құрастыр» Мақсаты: ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік		

леу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту (**қоршаған ортамен танысу)**	және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге **(қоршаған ортамен танысу)**	ережелерін сақтау.**(құрастыру)** Мақсаты: түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру(қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).Оюдың суретін салып, тиісті түстермен бояу **(сурет салу)**		
Таңертеңгі жаттығу	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(дене шынықтыру**) (Музыка****)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(Музыка****)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(дене шынықтыру**) (Музыка****)**		
Таңғы ас	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларды аспазшы жұмысымен таныстыру.	Мәдениетті тамақтануға баулу. «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	Таңғы астың маңыздылығын айтып өту		
Ұйымдастырылған іс –әрекетке дайындық.	«Торсық» Мақсаты: Берілген суретті бояп оны , қайшымен қиып, қоңыр түсті ермексаз арқылы торсорсықтың сыртына оюлар жасап мүсіндеу.	«Наурыз көже » Мақсаты:көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан	Тақпақ жаттату Кел, балалар, келіңдер Жүннен киіз басайық Ақ қозының жүнін түтіп Үлпілдетіп сабайық Мақсаты: қарапайым қойылымдарды ойнауға,		

	Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Амандасу,сұрақ –жауап. «Наурыз жыры » (өлең) Жылдың басы –Наурыз Жердің басы –Наурыз Мерекеге арналсын Шырқап салған әніміз Мақсаты:Кітапқа деген қызығушылығын ояту. Сергіту сәті «Қамажай» әнімен қимыл жасау Музыка 3. Дидактикалық ойын: Торсықтың неше бөлігі бар? Максаты;Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға) **(Математика негіздері,көркем**	құрастыруға мүмкіндік беру. Мақсаты:заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. (**математика негіздері) (құрастыру)** **(Қазақ тілі ***)** Амандасу ,сұрақ –жауап «Наурыз көже» мақсаты. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Мақсаты:Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. **(Сурет салу,жапсыру)** Сергіту сәті: «Қара жорға» әніне қимыл жасау	образды бейнелеу **(көркем әдебиет)** Шаттық шеңбер Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. Ойын: «Өрнектер» «Әжемнің әдемі орамалы» Мақсаты: Шығармашылық қиялды дамыту.Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпенорындау. Мақсаты:Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктердікеңейту. (**Қоршаған ортамен танысу, жапсыру)**		

	әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс –әрекет	**Дене шынықтыру** "Кімді мерген деп санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыруға (3,5–6,5 метрден кем емес) үйрету. Балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіруге, қозғалыс кезінде арақашықтықты сақтай білуге үйрету; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру дағдыларын қалыптастыру (3,5–6,5 метрден кем емес); қол мен аяқ қимылдарының үйлесімділігін, мергендік қабілетін,ептілік пен шапшаңдықты дамыту; дене жаттығуларын орындау барысында зейінділікке, төзімділікке және	**Қазақ тілі** "Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі." Мақсат-міндеттер. балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, ұлттық музыкалық аспаптар туралы білімдерін кеңейту; тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорларын байыту; сұрақтарға толық жауап беруге және өз ойларын байланыстырып сөйлеу арқылы жеткізе білуге үйрету; артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды анық, дұрыс айту дағдыларын жетілдіру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; ұлттық	**Дене шынықтыру** "Денеміздің тепе-теңдігін сақтайық". Мақсат-міндеттер: балаларды жүруді секірумен кезектестіру; қарқынды жылдамдатып жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша оң аралықтан сол аралыққа ауысуға үйрету. Балаларды жүруді секірумен кезектестіріп орындауға, қарқынды жылдамдатып жүгіруге үйрету; гимнастикалық қабырға бойынша оң аралықтан сол аралыққа ауысу дағдыларын қалыптастыру; тепе-теңдікті сақтау, қимыл үйлесімділігі мен икемділіктерін дамыту; дене жаттығуларын орындау барысында шапшаңдыққа,ептілікке және төзімділікке баулу; қозғалыс белсенділігіне		

	батылдыққа баулу; ойын арқылы ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа және спорттық қызығушылыққа тәрбиелеу.	мәдениетке, салт-дәстүрге деген қызығушылықтары мен құрмет сезімдерін тәрбиелеу. **Музыка** "Домбыра". Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру.	қызығушылықтарын арттырып, батылдыққа, ұйымшылдыққа және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық	Серуенге қажетті ойыншықтарды дайындау.	Серуенге шыққанда өздерін тәртіпті ұстауларын түсіндіру.	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету		
Серуен	**картотека №7**	**картотека №17**	**Картотека №13**		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы .Киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.	Балаларды топқа ұйымшылдықпен кіргізу		
Түскі ас.	Ас мәзірімен таныстыру Тамақ ішер кезде біз	Ас мәзірімен таныстыру Ас үстінде артық әнгіме	Түскі астың пайдасы туралы сұрақ-жауап		

	Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмейміз.	айтуға болмайтынын түсіндіру			
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио ертегі	«Жеті лақ» ертегісін оқып беру **(көркем әбебиет)**	«Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Алашадан жүрейік Жүрісті біз түзейік Шымыр болып шынығып Тез-тез басып өтейік	Қолға шарды аламыз Қатты,қатты үрлейміз Уф-ф-ф,Уф-ф-ф... Қатты үрлеген шарларды кері жарып аламыз. (**дене шынықтыру****)	Ұйқы ашар жаттығуларын орындау		
Бесін ас.	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару.	Ас мәзірімен таныстыру. Таза және ұқыпты тамақтану.	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**		
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Мозайка» Мақсаты:.Шығармашылық қиялды дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. **(құрастыру**)	«Әдемі кебеже» Мақсаты: Ермексазбен бинелерді мүсіндеу.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **(Мүсіндеу)**	Д/О: «Жоғарыда-төменде» Мақсаты: кеңістікті бағдарлау **(математика негіздері)** Бейнелеу әрекеті: «Ою-өрнек- Қызғалдақ» Мақсаты:Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.**(мүсіндеу)**		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс  Бояу беттеріндегі	Жеке жұмыс  "Көңілді сан" ойын	Жеке жұмыс: Көлік құралдарын		

			үйрету		
	суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу)**	жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. **(математика негіздері)**	Заттардың сапасы мен қасиеттерін дағдыландыру **(математика негіздері)**		
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Сыртқы киімдерін киюін қадағалау	Балалардың киіндіру реттілігін бақылау		
Серуен	**картотека №7**	**картотека №17**	**Картотека №13**		
Балалардың үйге қайтуы	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау.	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.		

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.03-29.03.2024 ж

Күн тәртібі.	Дүйсенбі 25.03.2024	Сейсенбі 26.03.2024	Сәрсенбі 27.03.2024	Бейсенбі 28.03.2024	Жұма 29.03.2024
Балаларды қабылдау.	Демалыс	Ойын: «Санды керісінше ата» Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. **(математика негіздері)**	Таңғы шеңбер Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауада тынығып Жүрек жылуын сыйлайық **(көркем әдебиет)**	Әңгімелесу «Өнер көзі халықта» Мақсаты: Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу **(қоршаған ортамен танысу)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен әңгімелесу		Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың дамуындағы өзгерістер	Балалардың бүгінгі балабақшаға келердегі көңіл күйлерін сұрау	Күннің салқындығына байланысты балаларды калың киіндіруін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,		Жұмбақ Тоқылдатып мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды	Бейнелеу әрекеті: «Қошқар мүйіз»Мақсаты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс	Бейнелеу әрекеті: «Торсық» Мақсаты: әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән	Бейнелеу әрекеті: «Түс киіз» Мақсаты: ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды,

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б әрекеттер)		емдейді Зиянкестен тазалар Мақсаты: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор. (сөйлеуді дамыту) (казақ тілі***)**	еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстау мақсаты; пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу **(сурет салу, мүсіндеу)**	ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию Мақсаты: ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру. **(мүсіндеу, құрастыру)**	безендіру **(жапсыру)**
Таңертеңгі жаттығу		Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(дене шынықтыру**) (Музыка****)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(дене шынықтыру**)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(дене шынықтыру**)**	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №15 **(дене шынықтыру**) (Музыка****)**
Таңғы ас		Тамақ ішкенде асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы	*Көркем сөз* М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды.	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.	Тамақ ішкенде сөйлемей мәдениетті отыруға үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,

		келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету	Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**		қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		«Ойыншықты құрастыр» Мақсаты: өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(құрастыру)** Шаттық шеңбері Ертегілер еліне Қонақ болып барайық Үлкен кіші барлығына Амандасып алайық! Өлең: «Қаз-қаз балам, қаз балам» Мақсаты: өлеңді жатқа айтуға үйрету «Түрлі-түсті моншақтар» Мақсаты: еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен	«Бұл қай кезде киеді?» Мақсаты: Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. **(қоршаған ортамен танысу)** Шаттық шеңбері Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң, ашық күн! Көңілді біз тұрамыз, Күлім қағып қолымды 1,2,3 деп соғайын Ойын: «Тез ойла» Мақсаты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру «Тостаған»	«Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту **(сөйлеуді дамыту)** Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты Жарқырайды күніміз Жарқырайды даламыз Қайырлы таң, достарым Мақал: Еңбек түбі - береке Мақсаты: жаңылтпаш арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту Сергіту сәті Біз бақытты балдырған «Құс қанаты»	«Киіз үй» Мақсаты: құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(құрастыру)** Шаттық шеңбері Қайырлы таң, көк аспан Қайырлы таң, жер ана Қайырлы таң, достарым Сендерді көріп қуанам Әңгімелеу: «Ою-өрнектер сыр шертеді» Мақсаты: Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.

